

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
14.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 14.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Соңғы мәселе «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Момышев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МОМЫШЕВ Т.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің назарларыңызға «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында декарбонизациялау саясатының мақсаттары мен бағыттарын айқындайтын 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық стратегиясы әзірленуде. Жаңа экологиялық кодекс қабылданып, оның жаңа тұстарының бірі ол өнеркәсіп салаларының ең озық қолжетімді технологиялар қағидаттарына көшу жөніндегі реформа болып табылады.

Әрине, осы бағыттар мен саясаттарға қол жеткізу «жасыл» инвестициялар тартуды және «жасыл» қаржы нарығын дамытуды, төмен көміртекті жобаларды іске асыруды көздейді.

Бүгінгі таңда «жасыл» таза технологиялар мен жобаларды қаржыландыру және қолдау қажеттілігі айқын, осыған байланысты халықаралық қаржы құралдарымен, қорлармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың рөлі арта түседі.

Жаһандық жасыл өсу институтының негізі 2010 жылы қаланған және негізгі қызметі «жасыл» өсу деп аталатын экономикалық өсудің жаңа моделін қолдайтын халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Ол өтпелі экономикаға тән және дамушы көптеген елдерге ұлттық және жергілікті стратегияларды және «жасыл» өсу саясатын құруды іске асыру бойынша қолдау көрсетеді.

Институт ұйымға мүше елдермен және серіктестермен климаттық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл

жоспарлары мен жобаларын қолдауға қаражат жұмылдыру үшін жұмыс істейді.

Институт елдер үкіметтеріне Париж келісімі шеңберінде қабылданған «жасыл» өсу стратегиялары мен міндеттемелеріне қол жеткізу жөніндегі ұлттық жоспарларды әзірлеуде қолдау көрсетеді.

Институттың қызметі келесі негізгі қолдау түрлерін қамтиды – экологиялық әсерді бағалау, стратегия мен жоспарлауды әзірлеу, қаржыландыруды тарту және «жасыл» жобаларды енгізу, сондай-ақ білім алмасу.

Институт негізгі құралдардың бірі ретінде елдік бағдарламаларды әзірлеп, кейіннен «жасыл» экономикаға және орнықты даму қағидаттарын ілгерілету жөніндегі жобаларды іске асырады.

Сондай-ақ институт климаттың өзгеруі саласындағы ең маңызды қаржы институттарының бірі болып табылатын Жасыл климат қорымен, сондай-ақ климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы негіздемелік конвенциясының қаржылық тетігімен стратегиялық әріптестік орнатқанын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы келісімге міндетті қаржылық жарналарды көздемейтін қатысушы ел ретінде қосылу көзделген.

Осылайша, келісімге қосыла отырып, Қазақстан қандайда бір міндеттемелерді қабылдамай, техникалық көмек тарту мүмкіндігімен сараптамалық әлеуетке және институттың жинақталған білім базасына қол жеткізе алады.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасының келісімге қосылуын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Талғат Амангелдіұлы! Келісімнің 5-бабында мемлекеттік ұйым немесе өңірлік интеграция ұйымы осы келісімге қол қоя отырып, институттың мүшесі болатыны және барлық міндеттемелермен байланысты болатыны көзделген.

Осы орайда келісімнің өзінде «міндеттемелер» деген бөлім көзделмеген. Өйткені бұл мәселелер мүшелік шарттар туралы жеке келісімде ескерілетін болады.

Айтыңызшы, аталған келісімді ратификациялағаннан кейін мемлекетімізде қандай міндеттемелер туындауы мүмкін? Қазіргі уақытта мүшелік шарттар туралы келісімді талқылау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр ма? Рақмет.

МОМЫШЕВ Т.А. Сұрағыңызға рақмет.

Институтқа кірудің екі нұсқасы бар, біріншісі – демеуші ретінде, екіншісі – қатысушы ретінде. Біз қатысушы мүше ретінде кіріп жатырмыз.

Сондықтан бізге қажетті қаражат төлеу көрсетілмеген. Сондықтан осы келісімнің 5-бабына сәйкес бірде-бір мүше мәртебесіне немесе институтқа қатысуына байланысты институттың қателіктері немесе міндеттемелері үшін жауап бермейді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтар аяқталды.

Талғат Амангелдіұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді осы заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Абақанов Елдос Нұрболұлына беріледі.

АБАҚАНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісім 2012 жылдың 20 маусымында Рио-де-Жанейрода жасалған.

Жаһандық жасыл өсу институтының негізгі мақсаты:

мүше мемлекеттерге көміртегінің деңгейі төмен «жасыл» экономиканы дамыту;

институционалдық дамуды қалыптастыру;

«жасыл» жобаларды іске асыруға инвесторларды тарту құралдарын ұсыну;

техникалық және гранттық көмек беру болып табылады.

Институт мемлекеттердің тұрақты дамуына жәрдем береді, оның ішінде: экономикалық өсудің жаңа парадигмасын қолдау және тарату;

экономикалық көрсеткіштердің негізгі аспектілерін бағдарлау, кедейлікті азайту және жұмыс орындарын құру;

әлеуметтік интеграциялау және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Сонымен қоса дамыған және дамушы елдер, олардың мемлекеттік және жекеменшік сектор арасындағы әріптестік қатынастар негізінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жағдайларды жасау және жақсарту арқылы қол жеткізіледі.

Институт өз мақсаттарына жету үшін:

ұлттық, облыстық немесе жергілікті деңгейде «жасыл» өсу жоспарларын әзірлеу және іске асыру саласында қолдау көрсетеді;

«жасыл» өсу теориясы мен практикасын ілгерілету мақсатында зерттеулер жүргізеді;

ресурстарды тиімді пайдалану кезінде инвестициялау, инновациялар, өндіру және тұтыну үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестікке жәрдемдеседі.

Өз қызметін қолдау үшін институттың ассамблеясы, кеңесі, консультативтік комитеті, хатшылығы болады, сондай-ақ филиалдар немесе басқа да көмекші органдар құра алады.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Елдос Нұрболұлы.

Әріптестер, енді заң жобаларын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Скақова Айжан Амангелдіқызына беріледі.

СҚАҚОВА А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Ратификация Соглашения об учреждении Института глобального зеленого роста будет способствовать приданию импульса новой модели низкоуглеродной экономики Казахстана в осуществлении глобального климатического перехода, даст практическую возможность использовать экспертный потенциал института, будет способствовать организации трансфера климатически оптимизированных технологий, а также содействовать привлечению ресурсов финансовых рынков для реализации «зеленых» проектов.

Казахстан относится к числу наиболее углеродоемких стран в мире. В Послании Президента определена цель – достичь углеродной нейтральности к 2060 году. В ближайшей перспективе стоит задача – сократить выбросы парниковых газов на 15 процентов к 2030 году. При этом критический рубеж наступает, изменение климата уже оказывает свое негативное влияние – увеличение температуры поверхности Земли, волны жары бьют рекорды, что приводит к различным стихийным бедствиям, таким как недавние масштабные природные пожары.

Казахстан стремится к устойчивому развитию, однако четкие стратегии низкоуглеродного развития и адаптации к изменению климата еще не разработаны. Устойчивому восстановлению сегодня препятствуют барьеры, связанные с рынками и финансированием.

Важным аспектом полезности данного международного института является колоссальный опыт по борьбе с водным кризисом, в частности, по внедрению водосберегающих технологий. Именно за счет присоединения к этому институту мы получим доступ к новым климатически оптимизированным технологиям в сфере водных ресурсов и сельского хозяйства.

Мобилизация «зеленого» финансирования с использованием инвестиций Зеленого климатического фонда вкпе с Программой развития ООН и других международных организаций предоставит возможность актуализировать национальные приоритеты Казахстана в области устойчивого развития в единую страновую программу адаптации к изменению климата.

И, наконец, сотрудничество с данным международным институтом создаст условия и позволит выработать эффективные решения в усилении позиции Казахстана в глобальном климатическом процессе на платформе ООН.

Ответственным за это является Правительство страны, обретающее сегодня мощный комплексный ресурс для реализации стратегии «зеленого» роста. Именно от Правительства мы ждем продуманных и результативных шагов в этом направлении.

В связи с этим я поддерживаю рассматриваемый законопроект и прошу коллег также его поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Осы ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



*Құрметті! Құжаттамалық қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шабокина.*